

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің  
қамқоршылық кеңес отырысы**

**Хаттама**

**№1**

**23.08.2021 ж.**

**Қатысқандар :** Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі  
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.  
ДТІЖО: Берғалиева Ф.  
Әлеуметтік педагог :Махамбетова Ж.М.

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен мүшелерін бекіту (өзгерген жағдайда).
2. 2021-2022 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. «Мектепке жол - 2021» Республикалық қайырымдылық акциясы бойынша жүргізілетін жұмыстар.

**Қатысқандар :** Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері - 9 адам

**1.Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Алдабергенова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, жалпы ережелерін қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы тағы да еске салып өтті, содан кейін Ж.Алдабергенова кеңес мүшесі А.Сұлтановтың қызметінің ауысуына орай, М.Курманалиннің өз еркімен кеңес құрамынан шығуына байланысты басқа адамға ауыстыруды сұрады. Кеңес мүшелерін жаңадан сайлау керектігін айтып өтті. Кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша мектептің іс шараларына белсене атсалысып жүрген Маймакова Сандуғаш пен мектеп кураторы, депутат Карабалина Гүлназымның кандидатуралары ұсынылды. Кеңес мүшелері ұсынысты, бірауыздан қабылдады.

**2. Екінші сұрақ бойынша Кеңес мүшелері 2021-2022 оқу жылына арналған** Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылап, құрады. Кеңес мүшелері жылдық жоспарды бірауыздан қабылдап бекітті.

Келесі сөзді мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Махамбетова алып, биылғы «Мектепке жол -2021» акциясының өту барысына тоқталып – нақты акция бойынша жоспар құрылғанын, жауапты адамдар бұйрық бойынша тағайындалып, жұмыстар басталып кеткенін айтып өтті. Кеңес төрайымы Ж.Алдабергенова акция өз деңгейінде өтіліп, өтініш берген мұқтаж балаларды

тағайындалып, жұмыстар басталып кеткенін айтып өтті. Кеңес төрайымы Ж.Алдабергенова акция өз деңгейінде өтіліп, өтініш берген мұқтаж балаларды мектепке дайындауға меценаттарға хат жазылсын және де оқушылар толық көмекпен қамтылсын, осы кеңес мүшелері де өз күштерін салады деп сенемін деді.

## ШЕШІМ :

1. . Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері төмендегі құрамда, бекітілсін:

1. Кеңес төрайымы -
2. Кеңес төрайымының орынбасары -
3. Кеңес хатшысы
- Кеңес мүшелері:
4. Кеңес мүшесі:
5. Кеңес мүшесі:
6. Кеңес мүшесі:
7. Кеңес мүшесі:
8. Кеңес мүшесі:
9. Кеңес мүшесі:

Ж.А.Алдабергенова  
Г.У.Карабалина  
Г.Г.Акжулова

А.Қаратаев  
А.Чайкин  
Р.Нұрбаев  
Ж.Қамбаров  
А.Абдрахманов  
С.Маймакова

3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін , іс – шаралар мерзімге сай өткізілсін.

4. «Мектепке жол -2021» акциясы жұмысы өз деңгейінде өткізілсін

1. Кеңес төрайымы -
2. Кеңес төрайымының орынбасары -
3. Кеңес хатшысы
- Кеңес мүшелері:
4. Кеңес мүшесі:
5. Кеңес мүшесі:
6. Кеңес мүшесі:
7. Кеңес мүшесі:
8. Кеңес мүшесі:
9. Кеңес мүшесі:

Ж.А.Алдабергенова  
Г.У.Карабалина  
Г.Г.Акжулова

А.Қаратаев  
А.Чайкин  
Р.Нұрбаев  
Ж.Қамбаров  
А.Абдрахманов  
С.Маймакова

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің  
қамқоршылық кеңес отырысы**

**Хаттама**

**№2**

**18.09.2021 ж.**

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі  
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.  
ДТІЖО: Берғалиева Ф.  
Әлеуметтік педагог :Махамбетова Ж.М.

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылау
2. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды туралы мектеп директорының есебі
3. Әлеуметтік қорғалмаған, білім алушылар мен күн көріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Берғалиева Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1 қыркүйектегі жолдауына тоқталып өтті. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты жыл сайынғы Жолдауын жариялады, ол келесі мәселелерге арналған:

Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму;

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру;

Сапалы білім беру;

Өңірлік саясатты жетілдіру;

Еңбек нарығында тиімді экожүйе қалыптастыру;

Саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау;

Ұлттың ұйысуы – одан әрі дамудың басты факторы

**САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ мәселесіне тоқталып өтсек:**

Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді. Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз.Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті акпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды тапсырамын. Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды.Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің



кайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс. Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді.

Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде тандай білуге тиіс. Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары. Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуге тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн.

Екінші мәселе бойынша мектеп басшысы С.Шуйтенов сөз алды. Жыл басынан жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды бойынша есеп берді.

- 2021-2022 оқу жылына жаңа музыкалық аппаратураға 587 400 теңге,
- мектеп психологына жұмыс барысында оқушыларға пайдаланатын құралдарға 70 400 теңге,
- логопед, дефектологтарға тіл мүкісі бар оқушылармен жұмысқа 33 900 теңге,
- кеңсе, шаруашылық және т.б. тауарларға 832000 теңге,
- тігін машиналарына 137200 теңге,
- такталарға 49200 теңге,
- бейнебақылау камераларына 206 000 теңге,
- 30 күндік сақтау жады на 288 000 теңге,
- дене қызуын өлшейтін құралға 58 800 теңге

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Булекбаева сөз алды. Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде «Мектепке жол-2021» акциясы ұйымдастырылды. Осы акцияға бірнеше демеушілер атсалысты.

Ақтөбе горнизоны әскери полиция бөлімінің ұжымынан мектебіміздің 2 оқушысына көмек берілді. Ақтөбе қалалық маслихат депутаты – Қарабалина Гүлназым Умбеткалиевна 9а класс оқушысын мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етті.

«Сбербанк» қызметкерлері 1 класс пен 7 класс аралығындағы 12 оқушыға мектеп сөмкесімен оқу құралдарын сыйға тартты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі, белсенді ата-аналарымыздың бірі Ақжулова Гүлнар 100 000 теңгеге мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға оқуға керекті құралдарын, киімдерін алып берді. 2021-2022 оқу жылында барлығы 23 балаға 314 000 теңге қаражат көмек көрсетілді.

2021-2022 оқу жылында аз қамтылған оқушылар саны 56. Көп балалы санатқа 48 бала. АӘК алатын 5 бала және 1 жетім оқушы бар. Ақтөбе қаласы бойынша бекітілген күнкөріс деңгейі 33260 теңгеден аспайтын 20 баладан құжат қабылданып тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Сонымен қатар ата-ана мен мектеп арасындағы келісім шартты оқып шығу үшін алдын ала ұсынылды. Келіспейтін немесе толықтыратын жерлері болса өз ойларын ортаға салу сұралған болатын. Қамқоршылық кеңес мүшелері барлығы қамтылған алып қосары жоқ осы күйінде ата-аналарға ұсына берулеріңізге болады деп ҚК төрайымы Ж.Алдабергенова сөзін аяқтады..

**Қамқоршылық кеңес қаулы етеді:**

1. Мемлекет басшысының жолдауы басшылыққа алынсын.
2. Мектеп директорының 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.
3. Мектептің материалдық базасының нығайтуына үлес қосу,оның қызметіне бақылау жүргізу қамқорлық кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.
4. Мектеп пен ата-ана арасындағы келісім шарт ҚК құрамымен келісілді

1. Кеңес төрайымы -
2. Кеңес төрайымының орынбасары -
3. Кеңес хатшысы
- Кеңес мүшелері:
4. Кеңес мүшесі:
5. Кеңес мүшесі:
6. Кеңес мүшесі:
7. Кеңес мүшесі:
8. Кеңес мүшесі:
9. Кеңес мүшесі:

Ж.А.Алдабергенова

Г.У.Карабалина

Г.Г.Акжулова

А.Қаратаев

А.Чайкин

Р.Нұрбаев

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

С.Маймакова

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің  
қамқоршылық кеңес отырысы**

**Хаттама №4**

**11.03.2022 ж.**

**Жиналыс мақсаты:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау, қамқоршылық кеңесінің мақсаты, бағыттары, функцияларымен таныстыру.

**Қатысқандар :** Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі  
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.  
ДТЖО: Берғалиева Ф.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқушылар мен ата-аналардың сұранысы бойынша қажетті үйірмелер мен секциялардың ұйымдастыру жұмысына көмек көрсету.
2. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мереке күндері түнгі рейд шараларына кезекшілікке қатысу, ұйымдастыру жұмыстарын бақылау.
3. Мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрету қажет болған жағдайда демеушілер табу жұмысын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:** Бірінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Берғалиева сөз сөйледі. Ұлы данышпан Абай Құнанбайұлы «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деген қанатты сөзді айтқан. Қазіргі кезде мемлекетімізде жас ұрпақтың жан – жақты дамуымен бірге тәрбиесіне де ерекше назар аударылуда.

Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше.

Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Мектеп оқушылары мектептегі, мектептен тыс үйірмелерге үздіксіз қатысып жатыр. Түрлі спорттық секцияларға, шығармашылық үйірмелерге, вокал, аспаптық үйірмелерге белсенді қатынасып жүр.

Әрбір үйірменің жұмыс кестесі, уақыты белгіленген. Атап айтқанда, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қабілеттерін ашу мақсатында спорттық – футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика, гір көтеру, шаңғы, спорт секциялары жұмыс жасайды. Үйірмеге қатысып жүрген оқушылар спортқа, дене тәрбиесіне қызығушылық танытуда. Үйірме жұмысы барысында түрлі спорттық жарыстар, сайыстар ұйымдастырылады.

Бірқатар оқушылар ой-өрістерін, логикасын арттыру мақсатында мектептегі шахмат үйірмесіне де келеді. Домбыра үйірмесіне де оқушыларымыз белсенді қатысады. Нәтижесінде мектебімізде өтетін мерекелерде, түрлі сайыстарда домбырашыларымыз өз өнерлерін ортаға салуда. Оқушылардың сезім байлығын арттыру, ішкі жаратылыс қалпын дамыту мақсатында оқушылар вокал үйірмесіне қатынасады. Оқушылар өнерлерін шыңдау арқылы ән айтуға, кәсіби сахналық мәдениетке үйренеді.



Бұдан басқа «Алғашқы үлгілеу техникасы», «Бейнелеу өнері және туризм» үйірмелері оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын арттырып, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында жұмыс атқарып жатыр.

**Тыңдалды:** Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда, ойын-сауық орталықтарында жүруге және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғаны үнемі ескертіліп отырады. «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» тақырыптарымен түнгі рейдтер жүргізілуде. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жалпы мектептік ата-аналар жиналыстары, «Менің әлемім сұлулық пен мейірімділік әлемі» атты сынып сағаттары, «Мен және отбасым» атты спорттық жарыс, «Қоғамда зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында кітап және фото көрмесі, жасөспірімдерге құқық бұзушылық, есірткі және психотроптық заттарды қолдану және сақтағаны үшін қылмыстық, әкімшілік жауапкершілік туралы ақпарат беру мақсатында жоғарғы сыныптарға лекциялар жүргізілді. Мектеп инспекторы оқушыларға түсіндіру жұмыстарын өткізді.

**Тыңдалды:** Үшінші сұрақ бойынша да директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай мектепте мерекелік іс-шара ұйымдастыру жоспарлануда. Жоспарға сәйкес әр бірлестікке өткізілетін шаралар тапсырылды. Оның ішінде «Көрісу», «Жайлау күні», «Сарқыт», «Шеберлер» күні сынды іс шаралар. Мектепте ұлттық ойындар ойнатылып, наурыз мерекесі әрбір класта тәрбие сағаты түрінде жүргізіледі. Мектепшілік концерттік бағдарлама, көрмелер, безендіру жұмыстары 14 наурыздан басталады.

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес мүшесі сөз алды. Мектепшілік концерттік бағдарлама, көрмелер, безендіру жұмыстарына қамқоршылық кеңес мүшесі Гүлмира Галихановна демеушілік көмек көрсететінін айтып өтті.

#### Қаулы:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында мереке күндері түнгі рейд шаралары әрі қарай жүргізілсін.
3. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған шара жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы:
4. Кеңес мүшесі:
5. Кеңес мүшесі:
6. Кеңес мүшесі:
7. Кеңес мүшесі:
8. Кеңес мүшесі:
9. Кеңес мүшесі:
10. Кеңес мүшесі:
11. Кеңес мүшесі:

Ж.Алдабергенова

Г.Акжулова

А.Қаратаев

А.Чайкин

Р.Нұрбаев

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

С.Маймакова

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің  
қамқоршылық кеңес отырысы**

**Хаттама**

**№5**

**25.05.2022 ж.**

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі  
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.  
ДТІЖО: Берғалиева Ф.  
Әлеуметтік педагог :

**Күн тәртібінде:**

1. Мемлекеттік емтихан, мектеп бітіруші түлектердің шараларын өткізу, атсалысу, кезекшілік тағайындау, бақылау жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру оқушылардың жазғы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. Мектеп бітіретін кластардың класс жетекшілеріне ақша жинауға, сыйлық жасауға болмайтынын ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын өткізу.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.макешева сөз сөйледі. 9-11 класс білім алушыларына қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдері мен ережелерімен оқушылар толық таныстырылды. Мектепті бітіру емтихандарының консультациялар кестесі шығарылып пән мұғалімдері оқушылармен дайындық жүргізуде. Қорытынды емтихандар туралы ақпарат ата-аналар жиналысында ата-аналарға, сонымен қатар төменде ақпарат тақтасына инстаграмм парақшаларына орналастырылды. 9-11 класс аттестат табыстау кеші 13, 16 маусым күндері өткізіледі. Кезекшілік кестесі құрылды.

Екінші мәселе әлеуметтік педагог Г.Булекбаева сөз сөйледі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 ж. 24 сәуіріндегі №198 бұйрығы, 11 қосымша негізінде мемлекетті білім беру мекемелеріндегі білім оқушылар мен тәрбиеленушілердің қала сыртындағы лагерьлерде демалуы үшін маусым айының 28 күні №64 қаулы негізінде атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасыдан шыққан оқушының және 1 жетім баланың қамқоршысынан өтініш қабылданды.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне сәйкес ата-аналардан мәртебесін дәлелдейтін құжаттар жинақталды. Қауіпсіздік туралы оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға жиналыстар ұйымдастырылып, жазғы қауіпсіздік туралы ескертетін жайттар айтылды. Сонымен қатар оқушыларға осы мәселелер жөнінде ZOOM арқылы кездесулер өткізілді. Алдағы уақыттарда демалыс кезеңінде ватсап желісі арқылы ата-аналарға хабарлама, жадынамалар жіберіліп отырады.


Үшінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі Ф.Берғалиева сөйледі. 9-11 класс ата-аналарына жиналыс кезінде емтиханның кейін стол жасауға және мұғалімге сыйлық жасауға тыйым салынатынын атап өтті. Мектеп бітіру кештерін өткізу жөнінде ресторан, лимузин жалдау барлығына ата-аналар мен оқушыларды жинап толықтай келісім жасалды. Мектеп әкімшілігінің бақылауында болатыны ескертілді. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес төрайымы да ата-аналарға тағы да ескертіп айтуларын ұсынды. Жалпы



сыбайлас жемқорлық, ретсіз ақша жинау жөнінде ата-аналарға үнемі жиналыстарды айтылатынын атап өтті.

**Қаулы:**

1. Мемлекеттік емтихан мектеп бітіруші түлектердің шаралары бақылауға алынсын.
2. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері үнемі бақылауда болсын.
3. Мектеп бітіруші түлектердің ата-аналары арасында класс жетекшіге сыйлық жасауға тыйым салынатындығы жөнінде түсіндіру жұмыстары кеңнен жүргізілсін.

|                                    |                                                                                                            |
|------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қамқоршылық кеңес төрағасы:</b> | <b>Ж.Алдабергенова</b>  |
| Кеңес мүшесі:                      | Г.Акжулова              |
| Кеңес мүшесі:                      | А.Қаратаев              |
| Кеңес мүшесі:                      | А.Чайкин               |
| Кеңес мүшесі:                      | Р.Нұрбаев              |
| Кеңес мүшесі:                      | Ж.Камбаров             |
| Кеңес мүшесі:                      | А.Абдрахманов          |
| Кеңес мүшесі:                      | Г.Қарабалина           |
| Кеңес мүшесі:                      | С.маймакова            |

**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің қамқоршылық кеңес отырысы**

**Хаттама**

**№6**

**08.06.2022 ж.**

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі  
Мектеп басшысы : Шуйтенов С.  
ДТДКО: Берғалиева Ф.  
Әлеуметтік педагог :

**Күн тәртібінде:**

1. Білім беру ұйымының басшысының 2021-2022 оқу жылы бойынша есебі.
2. 2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысын қорытындылау

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша мектеп басшысы С.Шуйтенов сөз алды. Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде 475 оқушы білім алды. Оқушыларымыз бірнеше қалалық, облыстық олимпиадалардан орындар иеленді.

Аз қамтылған, көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларымызға жалпыға бірдей білім беру қорынан киімдер, оқу құралдары табысталды. Сонымен қатар мектепке жол акциясы аясында қамқоршылық кеңес мүшелері де атсалысқан болатын. Күн көріс деңгейі аз, көп балалы, аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар, ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Жалпы оқу жылында қайырымдылық үздіксіз жүргізілді. Мамыр айының 24 күні осы оқу жылында белсенділік танытқан оқушыларға, еріктілерге дарындыларға арналған «Үміт желкені» атты шара ұйымдастырылды. Оқушылардың жетістіктері ескеріліп мадақтама, алғыс хаттармен марапатталды. Алдағы оқу жылына интерактивті панель, кілемше, су бұрқақ, асханаға электронды плита бюджеттен бөлінген қаражатқа алынатын болады.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Ж.алдабергенова тоқталды. 2021-2022 оқу жылында өткізілген қайырымдылық шараларын да отбасыларға, азық-түліктерді табыстау кезінде өзіде болғанын, ата-аналардың қуанышын, алғысын жеткізді. Бұл мектепте жалпы жыл сайын 50 отбасыға азық-түлік қорларын табыстау бойынша мерекелік шаралар үздіксіз ұйымдастырылады. Мектеп басшысының есебін тыңдадық. Мектепке қажетті парталар оқу процесіне қажетті заттар алынып жатқанын көрдік. ҚК мүшелері алдағы уақытта да құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс шараларда, рейдтерде, демеушілік көрсетуде белсенділік танытатын болады.

**Қаулы:**

1. Мектеп басшысының 2021-2022 оқу жылы бойынша есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. ҚК жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ж.Алдабергенова**

Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:  
Кеңес мүшесі:

Г.Акжулова  
А.Қаратаев  
А.Чайкин  
Р.Нұрбаев  
Ж.Камбаров  
А.Абдрахманов  
Г.Қарабалина  
С.Маймакова